

Клининг жөніндегі маман

БІЛІКТІЛІК ТАЛАПТАРЫ

Клининг жөніндегі маман келесі талаптарға сәйкес болуы керек:

- а) жасы – 18-ден кем емес;
- б) білімі – орта;
- в) жұмыс өтілі – кемінде 1 жыл, осы мамандық бойынша алдыңғы жұмыс орны көрсетіліп, жұмыс берушіден оң пікірдің болуы.

ҚЫЗМЕТТІК МІНДЕТТЕРІ

- Келісімшартта көрсетілген еңбек тәртібін сақтайды. Жұмыс құрал-жабдықтарын дұрыс күйде ұстайды; Құралдың ауыстыруы немесе жөндеуі қажет болған жағдайда бөлім басшысына уақытылы хабарлайды; Клининг маманының функционалдық міндеттеріне кіреді:
- бөлмелерді, дәліздерді, баспалдақтарды тазалау;
- жиһаз, кілемдерден шаңды сүрту, қабырғаларды, едендерді, терезелерді қолмен немесе машиналар мен құралдар арқылы сыпыру және жуу;
- қоқыс пен қалдықтарды белгіленген орынға жинау және шығару;
- душ бөлмелерін, киім шешетін бөлмелерді және басқа да ортақ пайдаланылатын жерлерді тазалау және дезинфекциялау;
- жуғыш және дезинфекциялаушы ерітінділерді дайындау;
- жуғыш заттарды, құрал-жабдықтарды және сүрту материалдарын алу;
- тазаланатын бөлмелерде санитария мен гигиена ережелерін сақтау;
- бөлмелердің еденін белгіленген алаңға сәйкес күнделікті ылғалды тазалау, терезе жақтаулары, жұмыс үстелдері, көшірме техникасы және баспалдақ кіреберістері;
- барлық жұмыс кабинеттеріндегі қоқыс жәшіктерін күнделікті тазалау;
- баспалдақ алаңының есіктерін, қаптамасын және бірінші қабаттағы қабырғаларды еденнен 0,5 м биіктікте ылғалды тазалау – айына кемінде 1 рет;
- Терезе жақтауларын ылғалды тазалау – айына екі рет;
- Унитаздарды тазалау, тазартқыш құралдарды пайдалану – күнделікті;
- Унитаздарды толық санитарлық өңдеу – айына 2 рет;
- Жарық лампалары мен плафондардан шаңды сүрту – айына 1 рет;
- Бөлмелердегі кілемдерді тазалау – аптасына 3 рет;
- Асханаларды толық санитарлық өңдеу: тұрақты жұмыс істегенде – аптасына 2 рет; бір реттік жағдайда – басшылықтың өтініші бойынша;
- Бөлмелерді ылғалды тазалау, күрделі дақтарға (битум, асфальт) назар аударатырып. Өлшеу құралдары мен жабдықтарды қозғауға рұқсат етілмейді;
- Жұмыстарды аяқтағаннан кейін клининг маманы жұмыс құралдарын ПУИ бөлмесіне орналастыруы, кабинеттерді қосылған техника немесе құрылғыларға тексеруі, барлық кабинеттерді кілтпен жабуы тиіс;
- Клининг маманы электр және су жабдықтары, кәріз жүйелері мен жиһаздағы ақаулар туралы басшылыққа хабарлауы тиіс.